

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекен-жайы бойынша орналасқын «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы («Қоғам») осымен өзінің акционерлерін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізетін күн 2013 жылдың 3 қыркүйегінен 2013 жылдың 22 қазанына ауыстырылғаны туралы хабардар етеді. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 үй мекен-жайы (Қоғамның атқарушы органының мекен-жайы) бойынша 1201 конференц-залда 10 сағат 30 минутта мынадай күн тәртібімен өтеді:

1. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау;
2. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеудің мөлшері мен шарттарын белгілеу.

Акционерлерді тіркеудің басталу уақыты – 9 сағат 30 минут.

Акционерлерді тіркеудің аяқталу уақыты – 10 сағат 15 минут.

Кворум болмаған жағдайда акционердің қайталама кезектен тыс жалпы жиналысы осы күн тәртібімен осы мекен-жай бойынша 2013 жылдың 23 қазанында 10 сағат 30 минутта болады.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысына қатысуға құқы бар акционерлердің тізімін жасау күні – 2013 жылдың 23 қыркүйегі.

Акционерлер күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдармен 2013 жылдың 7 қазанынан бастап Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, 12-ші қабат, 1207 кабинет мекен-жайы бойынша Қоғамның ғимаратында жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, сондай-ақ www.kmgep.kz сайтында таныса алады.